

Қызылорда облысы әкімдігінің «Қызылорда облысының білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс №5 мекенжайында орналасқан
«Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қосымша білім беру орталығының әдіскері бос орнына конкурс жариялайды.

Конкурс Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығының (ҚР Оқу-ағарту министрінің 24.12.2024 № 362 және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 24.12.2024 № 486 бірлескен бұйрығы) талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Қосымша білім беру орталығының әдіскері 1 (бір) штат бос орын

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары педагогикалық білімі және (немесе) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі орта арнаулы педагогикалық білімі, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

Лауазымдық міндеттері:

қызмет бағыттары бойынша балаларға қосымша білім беру жүйесін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етудің жай-күйін зерделейді және талдайды, оның тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлейді;

балаларға қосымша білім беру жүйесінде іске асырылатын бекітілген бағдарламалық-әдістемелік өнім банкін, педагогикалық ақпарат банкін (нормативтік құқықтық, ғылыми-әдістемелік, әдістемелік) жүйелейді және қалыптастырады;

оқу - әдістемелік қызмет: инновациялық педагогикалық технологияларды анықтайды және насихаттайды;

бағдарламалардың әртүрлі типтерін (білім беру, бос уақытты өткізу, эксперименттік жұмыс бағдарламалары) және әдістемелік өнімнің әртүрлі түрлерін (әдістемелік әзірлемелердің, ұсынымдардың, құралдардың) әзірлеу технологияларын жасайды;

әдістемелік қосымшалар жиынтықтары бар әртүрлі типтегі және түрдегі оқу-әдістемелік өнімді әзірлейді, рецензиялайды және бекітуге дайындайды;

балаларға қосымша білім беруді дамытудың басым бағыттарын іске асыруды қамтамасыз ететін бағдарламалық-әдістемелік өнімді шығаруға дайындықты жүзеге асырады;

қосымша білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге, оларды сараптауға, қолданыстағы білім беру стандарттарын түзетуге және жаңаларын әзірлеуге қатысады;

балаларға қосымша білім беру саласындағы озық оқыту және тәрбиелеу технологиялары, озық отандық және әлемдік тәжірибе туралы ақпаратты жинақтайды және таратады;

конкурстарды, көрмелерді, олимпиадаларды, слеттерді, жарыстарды өткізу бойынша құжаттаманы ұйымдастырады және әзірлейді, есептілікті дайындайды;

балаларға қосымша білім беру ұйымдарында білім беру процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді.

Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы", "Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдарын және білім беру қызметін регламенттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерді;

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың басым бағыттарын, балаларға қосымша білім беру ұйымдары қызметінің мәселелері жөніндегі нормативтік құжаттарды;

педагогикалық этиканың нормаларын;

педагогика және жас психологиясы негіздерін;

оқу-бағдарламалық құжаттаманы әзірлеу қағидаттары мен тәртібін;

педагогикалық жұмыстың тиімді формалары мен әдістерін анықтау, жалпылау және тарату әдістемесін;

әдістемелік бірлестіктер жұмысын ұйымдастыру принциптері мен мазмұнын;

еңбек заңнамасының негіздерін, білім беру ұйымдарының ішкі еңбек тәртібінің, еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау, өрттен қорғау қағидаларын, санитариялық қағидалар мен нормаларды.

Лауазымдық жалақысы еңбек өтіліне қарай 120 000-150 000 мың теңге аралығы (экологиялық коэффициентті қоспағанда).

Конкурсқа қатысу үшін тапсырылатын құжаттар (Қағиданың 113-тармағына сәйкес):

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде келесі құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жолдайды:

1) осы Қағидалардың 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

4) Үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

7) психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;

8) наркологиялық аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;

9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);

10) ағылшын тілі педагогтері лауазымына орналасуға кандидаттар үшін пән бойынша сертификаттау нәтижелері туралы сертификаты немесе педагог-модератордың немесе педагог-сарапшының немесе педагог-зерттеушінің немесе педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса) немесе CELTA (Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) PASS A; DELTA (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above немесе әйелтс IELTS (IELTS) – 6,5 балл; немесе тойфл TOEFL (internet Based Test (iBT)) сертификаты - 60-65 балл;

11) осы Қағидаларға 12, 13-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы;

12) жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша), оқу орнынан ұсыным хат.

Кандидат, болған жағдайда, біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне (біліктілігін арттыру, ғылыми атақтар, ғылыми дәрежелер және дәрежелер беру, ғылыми немесе әдістемелік жарияланымдар, біліктілік санаттары туралы құжаттардың көшірмелері) қатысты қосымша ақпарат ұсынады.

Осы Қағидалардың 113-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтаруға негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған соңғы күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізіледі. (2025 жылғы 30 сәуірден 14 мамырға дейін) «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде электрондық немесе қағаз құжаттары түрінде қабылданады.

Конкурс «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын лауазымдық міндеттері мен біліктілік талаптары туралы қосымша анықтаманы «Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен алуға болады. Тел. 8(7242)21-28-83, mektep_2010_264@mail.ru

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының
бірінші басшылары мен педагогтерін
лауазымға тағайындау, лауазымнан босату
қағидаларына 3-қосымша
Нысан

конкурс жариялаған мемлекеттік орган

/Кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
(бұдан әрі -Т. А. Ә.)

жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі –ЖСН)

(лауазымы, жұмыс орны)

Нақты тұрғылықты жері,
тіркелген мекенжайы,
байланыс телефоны

Өтініш

Мені _____
(білім беру ұйымдарының атауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала\ ауыл)

бос/уақытша бос лауазымына орналасуға арналған конкурсқа жіберуіңізді сұраймын.

Қазіргі кезде _____
(лауазымы, ұйымның атауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала \ ауыл) жұмыс істеймін.

Өзім туралы келесі мәліметтерді хабарлаймын:

Білімі: жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік

Оқу орнының атауы	Оқыту кезеңі	Диплом бойынша мамандық

Біліктілік санатының болуы (болған жағдайда берілген (расталған) күні):

Жұмыс өтілі:

Жалпы	Педагогикалық	Мемлекеттік қызмет өтілі	Мамандығы бойынша (кәсіпкерлік субъектілерінің мамандары үшін)	Осы білім беру ұйымында, оның ішінде атқаратын лауазымында

Мынадай жұмыс нәтижелерім бар:

Марапаттары, атақтары, дәрежесі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, сондай-ақ қосымша мәліметтер (бар болса)

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1-тармағына
сәйкес менің дербес деректерімді дербес деректерді өңдеу мақсаттарына сәйкес келетін кез келген заңды тәсілдермен
(фото, видео, оның ішінде автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе мұндай құралдарды пайдаланбай
дербес деректердің ақпараттық жүйелерінде пайдалану үшін) өңдеуге келісім беремін.

Мен келісемін _____

(ТАӘ (бар болса)) (қолы)

" ____ " _____ 20 ____ жыл _____ /қолы/

Мемлекеттік білім беру
ұйымдарының бірінші
басшылары мен педагогтерін
лауазымға тағайындау,
лауазымнан босату
Қағидаларына
12-қосымша
Нысан

Педагог бос немесе уақытша бос лауазымына өтілі бар кандидатты бағалау парағы

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

№	Өлшемшарттар	Растайтын құжат	Балл сандары (1-ден 30-ға дейін)
1.	Білім деңгейі	Білімі туралы дипломның және дипломға қосымшаның көшірмелері	Техникалық және кәсіби = 1 балл Жоғары күндізгі = 2 балл Жоғары үздік = 3 балл
2.	Ғылыми атағы/ғылыми дәрежесі	Білімі туралы дипломның және дипломға қосымшаның көшірмелері/ ғылыми атағын/ ғылыми дәрежесін/дәрежесін беру туралы аттестат	PhD докторы - 15 балл Ғылым докторы, Ғылым кандидаты, профиль бойынша докторы – 10 балл Педагогикалық бағыты бойынша магистрі - 5 балл
3.	Біліктілік санаты	Куәлік, басқа құжат	Педагог- 2 балл Педагог-модератор - 3 балл Педагог-сарапшы - 5 балл Педагог-зерттеуші - 7 балл Педагог-шебер - 10 балл Басшының үшінші біліктілік санатындағы орынбасары - 5 балл Басшының екінші біліктілік санатындағы орынбасары - 6 балл Басшының бірінші біліктілік санатындағы орынбасары – 7 балл
4.	Әкімшілік және әдістемелік қызметтегі жұмыс тәжірибесі	Еңбек кітапшасы/еңбек қызметін алмастыратын басқа да құжат	Әдіскер, лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл- 2 балл Әдіскер, лауазымдағы жұмыс өтілі төрт жылдан көп - 3 балл Директордың орынбасары, лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл- 3 балл Директордың орынбасары, лауазымдағы жұмыс өтілі төрт жылдан көп - 4 балл Директор, лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл - 4 балл Директор, лауазымдағы жұмыс өтілі 4 жылдан көп - 5 балл
5.	Бұрынғы жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша) ұсыным хат	Ұсыным хат (педагог лауазымы бойынша соңғы жұмыс орнынан)	Оң ұсыным хаттың болуы = 3 балл

6.	Соңғы 3 жылдағы кәсіби жетістіктерінің көрсеткіштері	- олимпиадалар мен конкурстар жеңімпаздарының дипломдары, грамоталары, білім алушылардың ғылыми жобалары; - олимпиадалар мен байқаулар жеңімпаздарының дипломдары, грамоталары;	1) қалалық/аудандық олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпаздары - 0,5 балл облыстық - 1 балл, республикалық - 2 балл, халықаралық - 3 балл; 2) ғылыми жобалар: қалалық/аудандық - 0,5 балл, облыстық - 1 балл, республикалық - 2 балл, халықаралық - 3 балл; 3) "Үздік педагог" конкурсына қатысушы - 1 балл; 4) "Үздік педагог" конкурсының жеңімпазы - 5 балл.
7.	Қоғамдық- педагогикалық қызметі	Қоғамдық-педагогикалық қызметін растайтын құжат (бұрынғы жұмыс)	тәлімгер - 0,5 балл Әдістемелік бірлестігінің басшылығы - 2 балл
9.	Курсқа дайындық	- пәндік даярлық сертификаттары; - цифрлық сауаттылық сертификаты, - ҚАЗТЕСТ немесе QAZAQ RESMI TEST; - IELTS; - TOEFL; - DELTA сертификаттары; - Goethe Zertifikat, "Python тілінде бағдарламалау негіздері" бағдарламалары бойынша оқыту, "Microsoft" Курсера жұмыстарына оқыту - Халықаралық курстар: - TEFL Cambridge "CELTA (Certificate in Teaching English to Speakers of Other Languages)" - CELT-P (Certificate in English Language Teaching – Primary) - DELTA (Diploma in Teaching English to Speakers of Other Languages) - CELT-S (Certificate in English Language Teaching – Secondary) "TKT Teaching Knowledge Test" - Certificate in EMI Skills (English as a Medium of Instruction) - Teacher of English to Speakers of Other Languages (TESOL) "TESOL" - Certificate in teaching English for young learners - International House Certificate in Teaching English as a Foreign Language (IHC) - IHCYLT - International House Certificate In Teaching Young Learners and Teenagers - Becoming a Better Teacher: Exploring Professional Development - Assessment for Learning;	біліктілікті арттыру ұйымдары іске асыратын білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстары = 0,5 балл (әрқайсысы бойынша жеке)

		Formative Assessment in Science and Maths Teaching Online Teaching for Educators: Development and Delivery Educational Management Key Ideas in Mentoring Mathematics Teachers Курсы на платформе Coursera, Futute learn Teaching Mathematics with Technology Special Educational Needs "Developing expertise in teaching chemistry"	
	Барлығы		

* 6-тармақта жеңімпаздар санына қарамастан, соңғы 3 (үш) жылдағы олимпиадалар мен конкурстардың әрбір деңгейі (қалалық/ аудандық) бойынша 0,5 балл ескеріледі, облыстық олимпиадалар мен конкурстардың жүлдегерлері - 1 балл, республикалық - 2 балл,

халықаралық - 3 балл;

ғылыми жобалар: қалалық/аудандық - 1 балл, облыстық - 1 балл, республикалық -2 балл, халықаралық – тиісінше 3 балл; республикалық олимпиадалар мен конкурстардың жүлдегерлері - 3 балл.

** 8-тармақта соңғы 3 (үш) жылдағы біліктілікті арттыру ұйымдары іске асыратын білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстары - 0,5 балл (әрқайсысы бойынша жеке).

Мемлекеттік білім беру
ұйымдарының бірінші
басшылары мен педагогтерін
лауазымға тағайындау,
лауазымнан босату
Қағидаларына
13-қосымша
Нысан

Педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына өтілі жоқ кандидатты бағалау парағы

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

№	Өлшемшарттар	Растайтын құжат	Балл сандары (1-ден 30-ға дейін)
1.	Білім деңгейі	Білімі туралы дипломның және дипломға қосымшаның көшірмелері	Техникалық және кәсіптік = 1 балл Техникалық және кәсіптік үздік = 2 балл Жоғары = 3 балл Жоғары үздік – 4 балл
2.	Ғылыми атағы/ ғылыми дәрежесі/ дәрежесі	Білімі туралы дипломның және дипломға қосымшаның көшірмелері/ ғылыми атағын/ ғылыми дәрежесін/дәрежесін беру туралы аттестат	PhD докторы - 15 балл Ғылым докторы, ғылым кандидаты, профиль бойынша докторы – 10 балл Педагогикалық бағыты бойынша магистрі - 5 балл
3.	Сертификаттаудан өту нәтижелері	Сертификат	50 % - 2 балл 60-80 % - 4 балл 80-100% – 6 балл
4.	Педагогикалық/ кәсіби практика нәтижелері	Білімі туралы дипломға қосымша	"3" – 2 балл "4" – 3 балл "5" – 4 балл
5.	Оқу орнынан ұсыным хат	Ұсыным хат	Оң ұсыным хатының болуы = 3 балл

6.	Волонтерлік жұмысқа қатысу	Қатысу құжаты	1 балл
7.	Педагогикалық қызмет туралы жарияланым бар интернет бетін, әлеуметтік желіде парақшаларын жүргізу (авторлық ғылыми жобалар, сабақтар, семинарлар)	Сілтемелер	1 жылға дейін -1 балл 1 жылдан 3 жылға дейін -2 балл 3 жылдан жоғары -3 балл
8.	Жазғы лагерьлердің жұмысына қатысу	Қатысу құжаты	2 балл
9.	Оқу орындары бойынша конкурстарға қатысу (ғылыми жобалар, шығармашылық және т.б.)	Қатысу құжаты	Әрбір қатысқаны үшін 1 балл, бірақ 4 балдан аспайды
10.	ҚАЗТЕСТ немесе QAZAQ RESMI TEST; IELTS; TOEFL; DELF; Goethe Zertifikat сертификаттары, "Python бағдарламаның негіздері", "Microsoft-та жұмыс істеуге үйрету" бағдарламалары бойынша оқыту Курсера Халықаралық курстар: TEFL Cambridge "CELTA (Certificate in Teaching English to Speakers of Other Languages)" CELT-P (Certificate in English Language Teaching – Primary) DELTA (Diploma in Teaching English to Speakers of Other Languages) CELT-S (Certificate in English Language Teaching – Secondary) TKT"Teaching Knowledge Test Certificate in EMI Skills (English as a Medium of Instruction)" Teacher of English to Speakers of Other Languages (TESOL) "TESOL"	Сертификат	1 балл (әрқайсына бөлек)
Барлығы			